

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ABAY KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY



Шамғали Харесұлы Сарыбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған
**«XXI ҒАСЫРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАРЫ:
РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АЯСЫНДАҒЫ ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ»**
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
БАҒДАРЛАМАСЫ

PROGRAM

International Scientific and Practical Conference
**"SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL PARADIGMES OF THE XXI CENTURY:
LANGUAGE AND CULTURE AS SPIRITUAL VALUES"**
dedicated to the Shamgali Haresuly Sarybay's 125 th anniversary

Алматы, 26 қазан 2018 жыл

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58
Ж 66

Жауапты редактор: Т.О. Балықбаев – Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, п.ғ.д., профессор

Редакция алқасы:
С.Қ. Сахиев – Ғылым департаментінің директоры
Б.Әбдіғазилұлы – Филология және көптілді білім беру институтының директоры
Қ.Ө. Есенова – С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

Конференцияны ұйымдастыру комитеті:

п.ғ.д., профессор Қ.Ө. Есенова, п.ғ.д., профессор Г.С. Қосымова, п.ғ.д., профессор Ж.Қ. Балтабаева, ф.ғ.к., доцент А.Ж. Қобланова, ф.ғ.к., профессор М.Ә. Жүнісова, ф.ғ.к., доцент С.А. Жиренов, ф.ғ.к., аға оқытушы Е.С. Қасенов, ф.ғ.к., аға оқытушы Ж.А. Қоқанова, магистр, аға оқытушы Г.М. Текесбаева

Ж-66 «XXI ғасырдың ғылыми-ағартушылық парадигмалары: рухани құндылықтар аясындағы тіл және мәдениет»: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары: Шамғали Харесұлы Сарыбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдық мерейтойына арналған. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2018. – 370 б.

Ж-66 «Scientific and educational paradigmes of the xxi century: language and culture as spiritual values»: materials International Scientific and Practical Conference dedicated to the Shamgali Haresuly Sarybay's 125th anniversary to the 90-th anniversary of Abai Kazakh national pedagogical university. – Almaty: KazNPU named after Abay. Publishing house «Ulagat», 2018. – 370 p.

ISBN 978-601-298-718-8

Шамғали Харесұлы Сарыбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған «XXI ғасырдың ғылыми-ағартушылық парадигмалары: рухани құндылықтар аясындағы тіл және мәдениет» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдығына арналды. Конференция материалдары жинағына Шамғали Харесұлы Сарыбаевтың ғылым, білім, саясат жолындағы құнды еңбектері мен қоғамның даму нысанын айқындаудағы қайраткерлігі талданған, ұлағатты ұстаздың идеяларының бүгінгі ғылым дамуымен сабақтастығына, заманауи білім беру мәселелеріне арналған мақалалар енгізілді.

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-298-718-8

©Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2018

АКАДЕМИК ШОРА САРЫБАЕВПЕН СҰХБАТ

*Сұхбатты жүргізген Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы –
тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі*

*Сұхбатты ғылыми өңдеген Мырзатаева З.Б. –
тарих ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор
e-mail: zabyra73@mail.ru*

Шора Шамғалиұлы, тарихи сұхбат беруге келіскеніңіз үшін біздің ұжым атынан алғысымызды білдіреміз! Білім, ғылым жолына түсуге, әрине, ең біріншіден Алаш зиялы қауымымен бірге жүріп, халқына адал қызмет еткен Сіздің әкеніз – Сарыбаев Шамғали Халесұлының қамқорлығы себеп болғанын біздер жақсы білеміз. Сондықтан әңгімені ауырпалығы мол кезеңнен өткен балалық шақ, отбасы өмірінен бастасаңыз екен!

Мен, Сарыбаев Шора Шамғалиұлы 1925 жылы наурыздың 2-сі күні Ташкент қаласында туылдым. Менің әкем Сарыбаев Шамғали батыс Қазақстанда, Бөкей ордасында дүниеге келген. Әкем Орынбордағы Хүсейін медресесінде молдадан сауат ашқан адам. Ол Ахмет Байтұрсынов, Ілияс Жансүгіров, Халел Досмұхамедов сынды т.т алашордашыл азаматтармен бірге оқып, қызмет еткен. Бір-бірімен тығыз араласып, өзара хат жазысып тұрды. Ташкенде КазИнпрос-та (Казахский институт просветительство – М.З.) бірге жүрген. 1921 жылы Ташкендегі әріптестері менің әкемді мұғалімдер институтын, оқу курстарын ашу үшін Алматыға іссапарға аттандырған.

(Айтылған деректердің шынайылығын төмендегі құжаттармен нақтылай түскенді жөн санадық – М.Қ.): «№39. Алматинское педагогическое училище. Организатором являлся Ш.Сарыбаев, бывший преподаватель Кирипроса в Ташкенте, приехавший в Алматы летом 1921 г.

Летом 1921 году в Алматы организовались краткосрочные подкурсы. С 6 сентября начались занятия в педучилище в составе три подготовительных классов А, Б и В с 60 учащимся, (число желавших поступить насчитывалось 300 человек, им был устроен конкурсный экзамен... Преподавание в нем осуществлялось на казахском языке, но в дальнейшем предполагалось на русском языке. Материальное положение – тяжелое. Нет дров, плохое питание (в 1922 г. – 0,5ф. муки и 7 – 0,5 ф.мяса на 1 служ. в месяц. Наблюдались массовые заболевания), отсутствуют учебные пособия, обмундирование, преподаватели по три-четыре мес. без жалованья» [1, 184].

Тағы бір құжатта:

«№24

ВЫПИСКА

из Заседания Организационного Комитета Казинпроса от 29 апреля 1921 г.

Присутствовали: Табынбаев, Джаленов, Досмухамедов, Сарбаев.

Слушали: О дополнении недостающих членов Казинпроса.

Постановили: Вместо выдвинутых членов Сарбаева, Кучербаева избрать Мамбаева и Насибянц. Казинпрос сделал попытку издать газеты «Джас Алаш»; студенты проводили работы по сборанию материалов по казахской литературе, народных песен. Были организованы экскурсии в Самарканд и Бухару.

*В это время Сарбаев Ш. был направлен в г. Верный» [2].

Ол уақытта интеллигенцияның да, қазақ ауылдарының да, қаланың да тұрмыс-тіршілігі мәз емес-тін. Ішerge тамақтары, киерге киімдері жеткіліксіз болса да, қазақ оқығандары ауылдағы жасөспірімдерді өрге жетелеумен болды. Білім орындарының әлі ешқандай материалдық базасы жоқ, әйтеуір зиялы азаматтар шамалары жеткенше әрекет еткен. Енді қараңыз, әкем, І.Жансүгіров және т.б. ағартушылар болып, қара домалақ балаларды ел ішіне жіберіп, бір-бір қой алдыртуға мәжбүр болған, өйткені олардың оқуларына қажетті құралдар мұрдымсыз ғой. Әкемнің педагогикалық қызметтегі өткір құлшынысы (энтузиазмі) Ілияспен өзара жазысқан хаттарынан анық байқалады. Мен көп хаттарының кейбіреулерін оқып берейін: «Ілияс! Іске сәт! Арма! Осымен бірге мыналарды жібердім. 1) Нан илеген құдағи. 2) Нақысбек. 3) Некешілдерге. 4) Ала бие. 5) Саршуаш би. 6) Қазақтың қатын-қыздары қашан сауатты болады? 7) Қайтсең көсем боласың? 8) Жаман қатын. 9. Шалқыбай. 10. Оқушы мен тілмаш. 11. Қазақ тіліне алынатын жат сөздер туралы (Бұл өзіңе). 12) «Керек», «Керек» ...!».

Әкем Ілиясқа материалдар жолдай отырып, орнына мынадай мазмұндағы оқу ісіне қажетті құралдарды өтініп сұрапты. Жалпы мен әкеме тартқанмын, біреу маған кітап берсе, орнына кітап сиялатыным бар: «Ілияс, өзіңнен өтінетінім: 1) тіл түзерлік сықақ болса екен (Ана тілінде); 2) мінез түзерлік, әсіресе сумбурларды түзейтін сықақ болса екен (Ана тілін оқытқанда да керек); 3) демагогтардың сиқын, сөйлегенін көрсететін сықақ болсын (Ана тілін оқытқанда да керек); 4) Қазақыландыру жөнінен сықақ болса екен. (Ана тілінде)... Хатыңды күтем. Қош. 1928 ж. қыркүйек. Ташкент».

Осыған ұқсас тағы бір хатында: «... мендегі сықақтың бәрі сенікі. Әбдірені ашып қарайын. Бәрін жіберейін. Не бар, не жоғын білмеймін. Сықақ өте керек. Сықақ-мысал тағы керек. Надан елдің мінезін түзетуге, тәртібін жөндеуге бұл мықты құрал. Және қазаққа сықақ қатты әсер етеді. Елдің өз арасындағы сықақ та керек. Бұл мәдениет сықағының ұйтқысы .

Тәшкеннің Фрунзе көшесіндегі 22-ші үйде тұрушы (Шамғали Сарыбаев)».

Ташкент 1928 ж. қыркүйек» [3, 145-146].

Шынын айтсам, мен әкеме бұл жағынан да тартқан екенмін. Анекдоттарды жақсы көремін. Менің коллекциямда 2000-ға жуық анекдотым бар. Оның кейбіреулерін өзім шығардым. Көрнекті актер Құдайберген Сұлтанбаев біраз сықақ шығармаларымды сахнаға шығарды.

Ал әкей балаларды сықақ-мысалдар арқылы тәрбиелеуді жөн көргенін айтады.

Ал енді, мұнда былай дейді: «Сықақ»-қа деректер:1.Матайдың «Тілші»-ге басылған «Жұмаш пен Нұркейі» бар, (№16, 1 ақпан 1923 ж.) Соның ішіндегі ноғай сөзін ноғай емлесімен, орыс сөздерін орыс әрпімен жазу пайдалырақ. (Өзіңде) жоқ болса, менде бар, жіберейін. (Бұл тіл сабағына да өте керек. Таптырмайтын материал).

Қазір қаперімде жоқ, «Тілші»-де ме екен, сықақтар бар еді. Тіл жөнінен «аксиелік» дегенді «алсиелік» қылып, сықақ қылғаны бар» [4].

«Ілияс!

Ғаббас екеуіңнің бірдей қол қойып жазған ашық хаттарыңды алып қатты қуандым.

Өзіңнің Қызылордаға келіп қызметіңе кіріскеніңе айрықша сүйсіндім. Нәсіп болса енді қатынасып тұрармыз. Жақын жер ғой. Әзір хаттаса тұрайық.

Өзім СаГУ-демін, 9 жылдықтамын. Оқытатыным қазақ тілі. 4 балам бар. Елдегі қара домалақ балаларды сүйреп келіп оқытып жатқан жай бар. Осы хатты алған бойда өзіңнің хал-жайыңды баяндап, «Сағанағыңды» қоса хат жазып жібер. «Сағанақ» мұнда жоқ. Таба алмадым.

Одан соң «совпарт», «рабфак» сияқты ересек мектептерге оқыту үшін жазып болған «Қазақ тіліне көмек» атты кітабым бар. Мазмұндамасы баяндамаға қалай даярлану керек, қалай баяндама қылу керек, баяндама схемасы, баяндама тыңдау жолдары, үгіт-насихат таратудың бір жолы (кітап оқып беру), лұғаттан (словарь) пайдалану, оны істеу, газетке сөз жазу жолдары, шеттен сөзді қазақ қалай алады? Қалай ревизия қылдым? (Кеңсе істеріне осыдан туғызып кетемін).

Баяндаманы қалай тыңдау керек?

Бұдан басқа да толып жатыр...

Қош аман болыңдар. Істерің берекелі болсын. Келінге сәлем.

Нәсімнен сәлем.

1928 ж. 15 қыркүйек. Ташкент.

Шамғали (қолтаңба)»

Шамғалидан (Шамғали Сарыбаев) [5, 145].

Әкей бізден ылғи да бөлек тұрды. Аумалы-төкпелі заманда еліне адал қызмет еткен әкемнің тағдыры да, отбасымыздың өмірі де оңай болған жоқ. 1937 жылы тұрып жатқан үйімізді өкімет алып қойды. Әкем журналистика институтында жұмыс істейтін. Сол заман – әрбір сөз, қимыл, әрекеттерді үлкен бақылауға алған кезең еді ғой. Бір қонақта отырғанында әкей, «А. Байтұрсыновтан басқалары саяси әңгіме айтпайды» деген екен. Сөйтсе А.Байтұрсыновтарды жақтады деп өзінің журналист студентіне тапсырма беріп, үстінен айыптау материалдарын жина-тыпты. «Қазақ әдебиеті» газетіне «**ұлтшыл фашистердің асырандысы**» деген тақырыпта үлкен мақала шықты. Түнде үйімізге бір адамдар кіріп келіп, «халық жауы» деді, айтпағаны жоқ, заттарымызды лақтырып, үйімізден қуып шықты. Алайда бізге қамқорлық көрсетушілер де табылды. Никольский базарының арғы жағында Шагабуддинов көшесінде көпестерден қалған бір жаман үй болатын. Сонда анам менен бес бала тұрдық. Мәлік Ғабдуллин әкемді КазПИ-дің қасындағы академик А.Сильченконың бір бөлмесін сұрап алды да, орналастырды.

Ал, анам – татар қызы. Анамның әкесі үлкен көпес, бай болған. Менің бойымда 50 пайыз татарлардың қаны бар, саудаға жақынмын, сауда жасағым келіп тұрады (күлді). Жібек жолы көшесіндегі дүкен бар ғой, соны кейінгілер бұзбақ болған кезде Дінмұхаммед Қонаев «сендер, оны бұзбаңдар, жөндеуден өткізіңдер, бұл тарихи ескерткіш қой» деп сақтап қалған. Бір кезде онда менің әкем мен Д.Қонаевтың әкесі сауда жасаған. Отбасында бес бала өстік. Анам оқыған кісі, қыздар гимназиясын бітірген. «Қазақ әдебиетінде» жұмыс істеген.

Біз Тәшкенде туылдық. Ал 1934 жылы Алматыға келдік. Сол кездің өзінде-ақ, Алматы орыстанып үлгерген еді. Көшеде де, кинода да, мектепте де бәрі орысша сөйлейтін болып кеткен.

Қазақ тіліндегі жалғыз №12 мектеп болатын. Менің әкем КазПИ-де 40 жыл қызмет етті. «Оқыту әдістемесінен» сабақ берді. Біз Ленин даңғылы мен Артиллерийский көшесінің қиылысындағы мұрағатқа жақын маңдағы үйде тұрдық. Әкемнің денсаулығы күннен-күнге нашарлай берді, астма дертіне шалдықты. Ол өз хаттарында денсаулығының жақсы емес екенін де айтып өткен: ««...Ілияс!

Сенен айрылғаннан бергі «олжам» – керек болдым. Қандай маман профессорларға емдетсем де болмады. Жаман болып барады. Жақсы профессорлар Кавказда болады екен. Қазынамен бармасам, өзім оған төтеп бере алатын емен. Бара-бара сүйген қызметім мұғалімдіктен қаламын ба деп қауіптенемін. ...мұғалім болғаным 15 жыл болған екен. Алматыдан соң жөнді пәтер көрмей, ылғи шулаған баланың ортасында – жаман жағдайда істейтін едім, былтырдан бері үй кооперациясына кіріп екі бөлмелі үй салдыртып жатырмын....», – дейді.

Әкей бала кезімізден Ташкенде қызмет бабымен жүріп қалды, ал біз шешемізбен бірге Алматыда тұрдық. Әкем бізге «қазақша оқисыңдар», - деді, ал егер орысша сөйлесек аузымызды ашқызып, тілімізден аямай шертпе жасайтын, одан біз қатты қорқатынбыз. Каникул уақытында Оралға ауылға апарып тастайтын, жылағаным қарамайды. Онда ауылда қазақ балаларымен қазақша сөйлесеміз, ойнаймыз. Шынын айтқанда спартаңдық тәртіпте болдым.

Мен оқыған №12 мектеп, басында Киров болып, кейін Ш.Уәлиханов атын алды. Жазушылардың барлығы балаларын сол мектепке беретін.

Шамғали әкей Жетісу ақындарын жинап айтыс ұйымдастыратын. Сонда Жамбылды да шақырғаны бар. Түскен суреттері үйде сақтаулы. Жансүгіровпен жазыққан хаттарын Талдықорғанда І.Жансүгіров атындағы педагогикалық университеттегі ашылған музейге тапсырдым. Жамбыл туралы ең алғаш мақала жазған адам – Сарыбаев Шамғали. Ташкенде 1925 жылы шығып тұрған «Терме» деген журналға жарияланды.

Мен мектепте оқып жүргенде көк базардың қасындағы бір көпестің ескі үйінде тұрдық, ал кейін Никольский деген базар жаққа көштік. Бәріміз көшеде де, дүкенде де орысша сөйлейміз, ал бірақ та ана тілімізді ұмытпаған себебіміз, әкейдің осындай қамқорлығы еді. №12 мектептің өзінің оқушыларға арналған интернаты болатын, ол жақта ауылдан келген қазақ балалары, әке-шешесі жоқ балалар тұратын, әкей мені солардың арасына жібереді. Қазақшаны сонан ұмытпай, жақсы біліп кеттім. Интернатта жүргенде қазақша театрға баратынбыз, олардан көргендерімізді бөлмемізде қойып ойнайтынбыз, мен сарымын ғой, орыстың әйелдеріне ұқсаймын, сондықтан әйелдің рөлін мен ойнайтынмын. «Қыз Жібек» қойылымын көретінбіз, тамаша еді!

Сол жылдарда КазГУ-ге түсетін бала жоқ. Интеллигенцияның басым көпшілігі балаларын орыс мектебіне беретін. Сондықтан КазГУ-дің филология факультетіне үлкен талас болмайтын.

Мен жас кезімде тақпақ айтқанды жақсы көретінмін. Бірақ ән сала алмаймын.

Ал енді соғыс уақытындағы күнделікті өмірден оқиғалық тарихи естеліктер айта кетейін. Біздің үйде атақты Дина Нұрпейісова тұрды. Ол әкеймен жақсы араласты, үйінде жөндеу жұмысы жүріп жатқандықтан алты ай біздің үйде жатты. Болатқа домбыра шертуді үйретіп кетті. Дина картаны да тәп-тәуір ойнайтын, бізді карта ойнауға үйреткен сол кісі. Сосын кетерінде Болатқа домбырасын силап, тілек батасын берді.

Кейін Болат, құрбыларымыз Құдабаева, Жаңашалова және қобызшы Балғаева консерваторияға түсті де әртіс болып шықты. Мен КазГУ-дің филология факультетіне даярлық курсына қабылдандым.

Соғыс жылдарында атақты балуан Қажымұқан да біздің үйде тұрған. Сондай дәу, ол да менің әкемнің досы еді. Бір жыл бізбен бірге тұрды. Ол офицерлер

үйіндегі сахнада балуандық ойындарын көрсететін. Оның үстінен машинаны жүргізіп өткізеді, кеудесіне рельс қойып он адамды көтереді. Болат екеуіміз оны үйден шығарып саламыз. Қажымұқанның етігін шешіп көмектесеміз. Есімде аяғының шылғауы ұзы-ы-н болатын. Сосын киіндіреміз. Соғыс уақытындағы трамвайдың есіктері кіп-кішкентай еді, ал ол сыймайды оған. Біз бәріміз Қажымұқанды трамвайдың есігінен итеріп кіргіземіз. Сосын итеріп шығарып аламыз.

Көрсеткен ойындарынан көп ақша түсті. Өйткені тамашалауға көп адам келетін. Сталинге хат жазып: «мына ақшаға самолет жасаңдар, оның атын Қажымұқан қоясыңдар ма, енді оны өздерің біліңдер», – деді. Қажымұқан тамақты аз ішеді екен, біз оны «абжора» деп ойлағанбыз (күлді), тамаққа тәбеті жоқ. Өкінемін, онымен суретке түсе алмадық. Қиыншылықты көп көрдік.

Анам екі жерде еден тазалаушы болып істеді.

Біздің көршіміз қытай кісі болатын. Қытайдан ине, жіп, анау-мынау әкеліп сататын. Ол кісі жексенбі күні Қапшағайға барады, тасбақа ұстап, сорпа пісіреді. Бір күні мені шақырды: «Тасбақаның етін жейсің бе?» – деді, мен – «көрейік», – дедім. Ал біз ашпыз ғой. Бір күні бәрімізді отбасымен шақырып тасбақаның сорпасын берді. Қазандағы қайнап тұрған суға тасбақаны салады, тасбақалар шыңғырады. Ал анам болса мынаның біреуін де білмейді ол кезде, әйтпесе, сорпаны ішпей қояды ғой, бірақ кейін айттық.

Өйткені тағам жоқ, біз де тасбақа ұстап, ас даярлайтын болдық. Содан үй сыртында бір қапқа салып жия берем тасбақаның тасын, ол тым көбейіп кетті. Одан мен итіме үйшік жасап бердім. Әдемі болып шықты. Анам бір кездерде АЗТМ-да токарь болып та жұмыс істеді, үсті-басы май-май болып келеді, ауыр жұмыс қой. Болат болса оқиды, домбырада ойнайды. Мен интернатта тұрдым, үйде кішкентай қарындасым болды. Міне сөйтіп күнелттік.

Соғыс жылдарында С.М. Киров атындағы КазГУ-дің филология факультетінде студент болдым. 1-курста бізге М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев сияқты интеллигенцияның ең ірілері сабақ беретін, сонымен қатар әкем де маған сабақ жүргізді. Бірақ қазақ тобы болсақ та қазақ тілі қазақша, логика орысша, орыс тілі орысша, тарих қазақша, батыс еуропа әдебиеті орысша жүргізілді. Математикадан О.Жәутіковсабақ берді, мен математиканы нашар оқыдым, тақтадағы жазуларды көзім көрмейтін. О.Жәутіков «мынаны көшіріп ал», – десе, мен «тақтадағы жазуларды көрмеймін», – деймін. Мұнымды әкеме айтып: «сенің балаң нашар оқиды», – деген екен, үйге келсем: «сен неге тақтаны көрмейсің, ақшаны көресің бе, мына тағамды көріп тұрсың ба, ал енді неге тақтаны көрмейсің?», – деп, сазайымды тарттыратын. Кейін біреулер айтты, сөйтсем менің көзілдірік киюім керек екен ғой.

М.Балақаев деген ұстазымыздың мұрны еврейлердің мұрны сияқты болатын. Ал әйелінің мұрны бұхарлықтардыкіндей. Өзі қазаққа ұқсамайды. Ол алғаш есіктен кіріп келгенде, бізге енді «қазақ тілін грузинше оқытатын болар» деп ойлады. Алайда ол қазақ тілін жақсы білетін кісі болып шықты. Бізге Мұхтар Әуезов те сабақ берді. Ол студенттерге ылғи да *«шын - сын болсын, сын - шын болсын»* дейтін, қағазға қарамай сөйлейтін. Керемет мұғалім еді ғой. Жақсы мұғалім, бірақ балалары орысша оқыды. І.Кеңесбаевтың да балалары қазақша білмейді. Қазақ тілінің беделі жоқ. Мына қазірде де «Вечерняя Алматыда» берілетін жарнамаларға қарасақ театрларда қазақша қойылым бар, ал қазақша

опера жоқ. Балет те европаша. Олар айына бір рет «Абайды», «Біржан-Сараны» қояды, бітті. Ал консерваторияда ұлттық концертке көңіл аудармайды, европалық стильдегі «органдық», «фортепианалық» аспаптарда ойнайтын әуендер қойылады, дәстүрлі ән-күй шырқалмайды. Өкінішті!

Мен мектепті бітіргеннен кейін, отбасын құрып балалы болған кезімде, өз балама тіл жағынан қатал болдым. Қазақ тіліндегі балалар бақшасы қаланың ең шетінде болса да, таңертең ерте тұрғызып, жаяу апарып жүрдім. Маған орысша сөйлесе, мен оған жауап бермеймін. Мектеп бітірген соң, оны Ленинградтағы А.А. Жданов атындағы университетте филолог-шығыстанушы мамандығына жібердім. Бірақ та ол маған хатты қазақ тілінде жазып тұрды. Өйткені ол орысша жазса, мен оны оқымайтынымды біледі. Қазіргі уақытта қандай да бір елден марапаттау алатын болса, қазақ шапаны мен бөрігін киіп алып шығады. Онысы өзіне әп-әдемі жарасады.

Жастардың ұлтжандылық сезімі қандай деңгейде деп ойлайсыз?

Жалпы қазақтың мінезі де, тілі де, әдет-ғұрпы да бәрі бай ғой. Бізді орыстар бүлдіреді. Қазірдің өзінде жастар «День святой Валентины» дегенге еліктеп кетті. Бүгінгі қазақ қыздарында бұрынғы құндылықтар жойылып барады. Меніңше бұл дінмен 73 жыл бойы күресудің салдары ғой деймін. Ол балалардың тәрбиесіне қатты кері әсерін тигізді. Қазір жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу керек. *Қазақ десе, қазақ тілі десе орнынан тұрып кетуге, о дүниеге жүріп кетуге даяр ұрпақ керек!* Біз желтоқсанды ұмытып барамыз. Мен өзім сол жастармен бірге алаңда болдым. Маған көп адам «алаңға барма», – деді. Аяғым ауырса да бардым. Алаңда жастар мраморды бұзып, сындырып алған тастарды полицейлерге қарай, ал полицейлер оны жинап қайтадан жастарға лақтырысып жатты, сонда ол үшкір, қатты болады емес пе?! Бірі басыма тиіп, бірі аяғымға тиіп жатты. Алаңда машина өртелді. Барлығы жан сауғалап жан-жаққа қашқанда, мен орнымнан тұра алмай, құлап жаттым, қайта тұрып-құлап әбден берекем кетті. Топырлаған кісілердің ішінде құрыдым-ау дегенде, бір орыс капитаны «папаша идите домой», – деді. Айналадағы үйлердің балконынан кейбір таныстарым мені көріпті, олар «сені аяп кеттік, қатты қиналдың ғой», – деді. Міне осындай оқиғадан кейін ғой Колбиннің бізден қашып кеткені. Бізге, Тіл білімі институтына Колбиннің көмекшісі «оған арнап, сөздік даярландар», – деді. Колбиннің үлкен томдықты тасып жүре алмайтынын, оны қысқартып, кішірейту қажеттілігін айтты. Жеті адам бір айда сөздікті бітірдік. Даяр болған кезде оны көмекшісіне алып барсам, енді олар 20 баспа табаққа түсіріңдер дейді, мен «жоқ түсіре алмаймын», – деп кетіп қалдым. Кейін шақыртып алып, 100 мың дана етіп шығарды, барлығы өтіп кетті. Екінші рет шықты, тағы да өтіп кетті. Біз тарихты қайта жазу керек дейміз-ау, тек тарих емес, филология ғылымын да қайта жазу керек. Өйткені бұрынғы ғылым Кремльдің нұсқауымен жазылды ғой.

Сіздің тамаша коллекцияларыңыз бар, сол жөнінде өз аузыңыздан естісек!

Менің сегіз коллекциям бар:

1. Қазақта ең бірінші коллекционер Ш.Уәлиханов болған, ол түрлі тастар, географиялық хайуанаттардың макеттерін жинаған, оның жеке кітапханасы болған, бірақ біз оның қайда екенін әлі күнге дейін білмейміз. Ол түркі теңгелерінен тұратын топтамасын Мәскеудегі Алексеев деген академикке берген көрінеді. Содан ол ғалым мақала даярлап, жариялаған. У.Шоқан геологиялық коллекциясын Германиядағы Дрезден мұражайына берген екен. №12 мектепке Шоқан мұражайын ашып бердім. Өзім де, балам да осы мектепте оқыдық қой. Шоқан Уәлиханов туралы 50 жыл бойы жинаған дүниелерімнің жартысын ғана бердім.

2. «Қайрат» футбол командасы туралы 100 альбомнан тұратын топтама бар. Футбол туралы елу мақала жаздым. Әлем чемпионатында Мексикаға барып келдім. Оның өзі 5-6 мақала болды.

3. Халық емшілігіне арналған коллекция қазіргі уақытта 800 папка болып тұр. Мен Қазақстанның халық емшілері Ассоциациясының құрметті мүшесімін. Көпшілігі халық емшісі деп қалып жатады. Жыл сайын бұл коллекциядан көрме жасап тұрамын.

4. Ескі ақша – нумизматикадан коллекция бар. Ол түркі халықтарының ақшалары мен монеталарынан тұрады. Әл-Фарабидің, Ғабит Мүсіреповтің, М.Әуезовтің суреті шыққан ақшалар бар.

5. Келесі коллекция – қазақ қыздарына арналады. Дина Нұрпейісова, Бибігүл Төлегенова, Әлия Молдағұлова т.т. Мына Бибігүлдің жас кезіндегі суреті, өзінде бұл сурет жоқ екен. Ол менімен бір кезде көрші тұрды, сонда суретті көріп: «мына сурет менде жоқ, маған беріңізші», – деді. Мен оған: «коллекцияға жиналған заттар берілмейді», – деп жауап бердім. Алла қаласа, 8 наурызда – Халықаралық әйелдер күнінде көрме жасаймын, қыздарға тарту болсын.

6. Мақал-мәтелдерім 15 каталог болды. Барлық саны үш мыңға жетті.

7. Анекдоттардан бір коллекция бар, оның ұзын саны екі мыңға жетеді. Менің анекдот жинайтын себебім, күлкі – денсаулыққа пайдалы. Мәселен, орыстарда күлкінің бес-ақ түрі бар екен. Қазақта күлкінің 64 түрі бар. Жымиып күлу, сықылықтап күлу, қарқылдап күлу, мырсылдап күлу кете береді.

8. Келесі коллекция значоктар, конверттер – 4 мың, күнтізбе, маркалардан тұрады.

Менің Сарыбаев Болат деген туған інім бар еді. Ол менің бұл іспен айналып жүргенімді көріп, ол да коллекциямен айналысқысы келді. Оған «сен түркі елдерінің музыкалық аспаптарын жина», – дедім. Сөйтіп ол 40 жыл бойы 400 инструмент жинап алды. Оның үйі екі-ақ бөлмелі еді, өзі кухняда жайма төсекте жатады, ал екі бөлменің барлық жерінде музыкалық инструменттер ілулі тұрады. Оны Д.Қонаев естіп, 4 бөлмелі үй берді. Қазақстан Орталық комитетінің хатшысы аспаптарды Ө.Жәнібеков: «Ықылас атындағы Ұлттық музыкалық аспаптар мұражайына тапсыр», – деді. Болат оған қарсы болды, сөйтіп қатты ауырып қалды. Бұл аспаптардың тілін түсінетін адамға қалдырғысы келді. Содан Н.Тілендиевті қайта-қайта шақыртып жүріп, онымен кездескенде Болат оған: «мына оркестрді сен ғана басқара аласың, осыны өзің қолға алшы», – деді. Бұл аспаптарды інім оңай жинаған жоқ. Түрлі облыстарда болды, қазақтарда домбырашы дүниеден өтсе зиратының үстіне домбырасын қояды екен, ал інім болса оны алып кетеді, ашық далада домбыра шіріп кетеді ғой. Бірін солай алса, енді екіншісін өз қаржысына сатып алып жүрді. Сөйтіп түркілердің музыкалық аспаптарынан оркестр құрды. Өзі сыбызғыда ойнайды. Кандидаттық диссертациясын осында қорғады. Ал докторлығын Мәскеу бекітпеді.

Болаттың мұражайы туралы Н.Назарбаевқа айтып хат жолдадым. Елбасына арналып ашылған мұражайға қою үшін Тасмағамбетов үш адамды жіберіп, музыкалық аспаптарды алып кетті. Қазір Астанада Болаттың коллекциясы жұмыс істеп жатыр, он шақты инструментті жаңғыртты: үскірік, жетіген, тастауық, шертен т.б. Бірақ олар Болатты ұмытып кетті. Ешкім есіне де алмайды, өкінішті!

Қазіргі уақыттағы тіл саласы бойынша айналысып жүрген тақырыбыңыз қандай?

Мен кандидаттық және докторлық жұмыстарымды орысша жаздым. Бізді Мәскеу мәжбүрледі. Мемлекеттік тіл сол елдің тілімен бірдей болу керек. Дүние жүзінде Францияда француз тілі, Германияда неміс тілі, Өзбекстанда өзбек тілі - мемлекеттік тіл.

Мен 90 жасқа келдім. Менің мақсатым – бір ғасырда қазақ тілі жөнінде не шықты, содан он томдық кітап шығару. Қазақ тіл білімінің 10 томын даярлағым келеді. 6-томын былтыр шығардым, 7-томын даярлап қойдым, шығаруға әзірге қаржы болмай тұр. 8-9 томды жасап жатырмын. Оның бірінші томын советтік биліктің қайнап тұрған кезеңінде «халық жауларының» аты бар деп турап тастаған, сосын өртеп жіберген. Ол – теперіш көрген библиографиялық көрсеткіш.

«Алаш көсемсөзі» атты 10 томдықтың («Шолпан» журналы) 1-кітабында (Намазалы Омашев және Ханбибі Есенқарақызы даярлаған мақалада (7бет) – М.Қ.) Үшкөлтай Субханбердинамен әңгіменіз берілген. Онда Сіз: «Шөке, менің библиографиялық көрсеткішім «А.Б.» деген Ахмет Байтұрсыновтың инициалы үшін, туралып өртеніп кетті. Ал Сіздің библиографияңызда «А.Б.» да «М.Д.» да жүр, бұл қалай?» дегеніңіз бар. Үшкөлтай апамыз Сіз туралы: «кітабын құртып, өзін біраз әуре-сарсаңға салған кездің өзінде жай ғана жымнып, әдемі тапқыр әзілін айтып жүретін ерекше адам, зерделі ғалым ғой, – дей келе – «үндеменіз, Шөке», – деген көрінеді. Ал Сіз оған жауап беріп: «Мен үндемеймін-ау, сыбырлаушы табылып қалмасын», – деген екенсіз.

Ал енді Шора Шамғалиұлы, кітабыңыздың тағдыры жөнінде өз аузыңыздан естісек деп едік!

1960 жылы менің «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты еңбектің бірінші томы пышақтың астына түсіп, туралып кетті. Өйткені онда «халық жауларының» есімдерін қосқан едім. Онда Ахмет Байтұрсыновтан бастап, «А. Б.» деп қысқартылып берілген болатын. Ал, бірақ та оның Ахмет Байтұрсынов екендігін, оның арғы жағындағы М. Жұмабай, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, Қ.Кемеңгеров, А.Байдильдин, Байғаскин, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердіұлы сынды т.б. қазақ интеллигенция өкілдерінің 40 шақты есімі және олардың еңбектерінің тізмі хронологиялық тәртіпте енгізілген болатын, солар арқылы бірден тануға болатын еді. Ол кезде зиялы қауымның ешқайсысы «Халық жауы» деген айыптан ақталмаған кезі-тін. Мен материалдарды Мәскеудегі архивтен алып келген болатынмын. Кітаптың редакторы етіп І.Кеңесбаевты жазғанмын.

Кітабым шыққанда сүйінші сұрап, І.Кеңесбаевқа кіріп бардым да: «кітабым шықты, сіз Бас редакторсыз дегенімде», - ол «О құтты болсын», - деп, бірінші бетін ашып қалып еді, «А.Б.» - дегендікөріп шошып кетті. Ісекең дереу Орталық Комитетке телефон соқты. Кітаптың рецензенттері Мәулен Балақаев пен Ғали Бегалиев болатын. Орталықтағылар: «Дүйсенбі күні келіндер», – деді. І.Кеңесбаев, рецензенттер Мәулен Балақаев пен Ғали Бегалиев бар, бәріміз дүйсенбі күні Орталық Комитетке бардық. Ондағылар І.Кеңесбаевтан: «халық жауларының барлығының есімдері мына кітаптың ішінде жүр, сен неге қарамағансың?», - деп сұрады. Ол: «Мынаның бәрін алып таста деп едік, алып тастамапты ғой», – деп маған жаба салды. Ол негізінде кітаптың ішінде «халық жауларының» бар екенін білмейді, қарамаған ғой. «Сіз неге қарамадыңыз?» – деп, М.Балақаевтан сұрап еді:

«Мен оны қарап едім, біздің аттарымыз кездеседі екен. Қолымды қоя салдым», – деп жауап берді. Ол ешкімнен қорықпайтын еді. Ал, менен ештеңе сұраған жоқ. Сол жердегі бір философ шілтең-шілтең етіп, М.Балақаевқа да, І.Кеңесбаевқа да әбден ұрысты. Ал Бисембаев анандай жерде бірдеңе істеп, өзімен-өзі отырды. Ол жақсы адам еді. Ештеңе деген жоқ.

Ертеңіне І.Кеңесбаев: «Саған сөгіс жариялаймыз, жұмысыңнан төмендетеміз», – деді. Жалпы мен партия қатарында емес едім. Соным дұрыс болған екен, нем бар партияда, менің оған кіргім де келмеген. Маған сөгіс жариялап, жұмысымнан төмендетумен ғана шектелді. Басқаша жағдайда жұмыстан шығарып тастар еді. Мені бөлім меңгерушілігінен алып тастап, орныма Рәбиға Сыздықованы қойды.

Кітабымның 2000 данасы жертөледе машинамен туралып жатқанда мен бардым. Қарап тұрдым.

Типографияда істейтін бір жолдасым, ал енді сенің кітабыңды турап жатыр, «бір қалтаңа «столичныйды» сал, ал екінші қалтаңа балықтан «закуска» ал да бар. Сөйтіп кітабыңның 2-3 данасын сұрап ал», - деді. Барсам үш орыс жігіті кесетін құралмен кітапты үшке бөліп жатыр екен. Мен бардым да оларға «Я вам принес подарок, угасайтесь», - деп едім, олар қуанып кетті, нені турап жатқанын қайдан білсін? Бірақ, маған кітабымның үш данасын бересіңдер, туралғанынан және туралмағанынан», - дедім. «Пожалуйста!», - деп, қолыма ұстатты. Портфеліме салып алдым да кеттім. Соның біреуін Ғарифолла Әнес репрессияға ұшырағандардың мұражайына қоямын деп алып кетті. Біреуін А.Байтұрсынов мұражайына қоямыз деп сұрады. Біреуі міне, өзімде сақтаулы тұр.

Содан бір күні институт директорының орынбасары қызметіне біреуді тағайындау керек болды. І.Кеңесбаев мені шақырып алып: «Сені қоямыз», – деді. Маған сөгіс бергенде партия сөгісі емес, кәсіподақ атынан сөгіс берілген болатын. Бірақ академияның вице-президенті Б.А. Төлепбаев партия ұйымының хатшысы Покровский «Партияда жоқ адамды қоюға болмайды», - деп қарсы шықты. Б.А.Төлепбаев Мәскеуден әлгінде ғана келген. Ол академик деген атағын Алматыға келген соң алған. Бір күні академияда вице-президент шақырып: «Сені орынбасар етіп қояйық деп отырмыз. Екі-үш кемшілігің бар, соны жоясың», - деді. Сондағы кемшіліктерім: біріншіден, менің қалпағым (шляпам-М.З.) бар болатын. Қиқы-жиқы жерін қиып алып тастап, төбеме ғана киіп жүретін тақия жасап алғанмын. «Соны тастайсың» деді. «Екінші, анекдотпен көп әуестенуіңді қоясың. Тіптен іштен қысып бара жатса, маған келіп айтып-айтып кетуіңе болады», - деп жымыды. Жарайды деп мен кеттім.

Ғылым жолындағы қуанышты сәттеріңіз...

Алғашында мақалам шықты, соған қатты қуанғанмын. Ал қазір менің қуанышым – кітаптарым. Кейбір достар бар, жақсы уақытта қасымда жүреді, қиын уақытта жасырынып қалады, мен оларды «күнбағыстар» деймін.

Диалектологиялық сөздіктер шығардық, он адам болып. Даяр болған кезде менің фамилиямды өшіріп, өз атынан шығарып жіберіпті. Мен сондай адамдарға қарсы пікір айтып, мені қорғамағандары үшін кейбір әріптестеріме ренжулімін. 1960 жылдарда кітабым биліктен теперіш көріп, пышақ астында туралғанда оларды түсіндім. Саяси жағдай солай еді, заман күрделі болатын. Ал мынадай жағдайда, жанымда болмай, үнсіз қалып қалғаны маған ұнамады. Алайда ол адам кейін менен кешірім сұрады, «дұрыстап қайта шығарам, кешіріңізші мені», – деді. Сосын мен кешірдім.

Жастарға қандай кеңестер айтқан болар едіңіз? Тіл саласына байланысты жастарға айтарым, сыбайлас жемқорлықтан бойларыңды аулақ ұстандар! Ол баяғыда басталып, тамырын терең жайып жіберген ғой. Оның тамырын шабу керек!

Мен бірде қонақта болдым. Алтын сағатын мақтанып тағып алған бір әйел, орнынан тұрып: «менің балам жеті тіл біледі: ағылшын, орыс, француз, неміс т.т.», - деп санап шықты. Ауылдан келген бір қарт кісі оған айтты: «шырағым, балаң қазақ тілін біле ме?» - десе, әлгі «одан ұяттымыз» - дейді. «Онда отыр, мақтанба!», - деп жекіп, отырғызып қойды. Намыс жоқ! Бұрын совет кезеңінде орыстан әйелің болса, «интернациональная семья появилось» деп мақтайтын. Ал енді қарақтарым, ол заман келмеске кетсін, бізге қандай ұрпақ керек?

Бізге қазақ тілі десе, қазақ халқы десе ішкен асын жерге қояр ұрпақ керек. Біздің әкелеріміз армандаған қоғамды құрайық. Ана тілдерінді құрметтендер, Отаншыл болыңдар!

Шора Шамғалиұлы, күні кеше зерттеу еңбегіңіз жарық көрді. Ал бір кітабыңыз өз мәресін күтіп тұр. Бір ғасырда қазақ тіл білімі бойынша шыққан дүниелерден 10 томдық еңбек жазу – негізгі мақсатыңыз екен. Ал қалғаны үш-ақ том көрінеді. Бұл әлі күш-қуатыңыздың молдығының көрінісі. Жүсіп Баласағұнның «жақсы мінез бен жақсы сөз адамды қартайтпайды» дегені бар. Осы сөз тура Сізге арналғандай. Әлгінде ұстазыңыз М.Әуезовтің «кәрілік бізге сән бермейді, біз кәрілікке сән беруіміз керек» деген сөзін еске алып едіңіз, ұстазыңыздың бұл айтқан өсиетін орындап жүргеніңіз де байқалады. Өмір жасыңыз ұзақ болсын!

Ескертулер

1. Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане. Сборник документов и материалов. – Шымкент, 2004. – С.184.
2. Первый Казахский институт в Ташкенте. Сборник документов и материалов. Редколлеги: С.Тилеукулов, Ш.Оразимбетов, А.А. Голованов, М.Бакиров. Отв.ред: д.и.н.проф. С.Тилеукулов. – Ташкент, 2005.
3. Шамғали Сарыбавтың Илиясқа жолдаған хаттары мына жинақта жарық көрген: И.Жансугуров: Документы, письма, дневники (1920-1964 гг.). В 2-х частях – Алматы: «Үш қиян», 2006. – 592.
4. Жансугуров И: Документы, письма, дневники (1920-1964 гг.). В 2-х частях – Алматы: «Үш қиян», 2006. – 592.
5. Жансугуров И: Документы, письма, дневники (1920-1964 гг.). В 2-х частях – Алматы: «Үш қиян», 2006. – 592.

Резюме

В статье рассматривается феномен труда через призму биографической истории ветерана ученого, академика Ш.Сарыбаева. Выявляются новые факты из жизни советской казахстанской науки посредством применения новых технологии исторического исследования. Также впервые вводятся в научный оборот новые документальные материалы, устные источники из личного архива академика Ш.Сарыбаева, ранее не доступные исследователям.

Ключевые слова: советский труд, образование, репрессия, интеллигенция, советская политика, советская система, война, декабрьское восстание.